

**«Үлкен Алтай жоғарғы оқу орындарының ректорлар кеңесі»  
аймақаралық бірлестігін құру бойынша «Алтай- біздің ортақ үйіміз»  
Халықаралық үйлестіру кеңесінің аймақтық қатысушыларының  
жетекші жоғарғы оқу орындарының серіктестігі туралы Декларация**

«Алтай- біздің ортақ үйіміз» Халықаралық үйлестіру кеңесінің аймақтық қатысушыларының арасында білім, ғылым және мәдениет саласында қалыптасқан серіктестікті халықтарды жақындастырудың және достастықты нығайтудың ең тиімді құрал ретінде қарастыра отырып; тарихи қалыптасқан дәстүрлердің негізінде көршілес тұрып жатқан халықтардың мәдениетін өзара тереңдете отырып; екі жақты және көп жақты гуманитарлық және мәдени байланыстарды бұдан әрі дамытуға көмектесе отырып; сонымен қатар «Алтай- біздің ортақ үйіміз» ХҮК-нің 9-шы отырысының №5 шешімін назарға ала отырып, «Алтай- біздің ортақ үйіміз» Халықаралық үйлестіру кеңесінің аймақтық қатысушыларының ЖОО- ры «Үлкен Алтай жоғарғы оқу орындарының ректорлар кеңесін» құру идеясын қолдап, сонымен қатар оны құруда жан- жақты қатысуға дайындықтарын білдіреді және төмендегілерді міндетке алады:

1. Өз күш –жігерлерін біріктіріп, бұдан әрі ЖОО-ның Кеңесі деп аталатын «Үлкен Алтай жоғарғы оқу орындары ректорларының аймақтық халықаралық кеңесі» төңірегінде заңды тұлға құрмастан бірге әрекет етуді.
2. ЖОО-ры Кеңесінің негізгі қызмет бағыттарын анықтауды:
  - аймақтағы ЖОО-ның күш- жігерлерін бір ортаға шоғырландыру және өзара әрекет етуін үйлестіру, оқу үрдісін бұдан әрі дамытуға, ғылымды жетілдіруге және жоғарғы мектептердің материалдық- техникалық базасын жақсартуға бағытталған жоғарғы білім берудегі жалпы тәсілдер мен саясатты анықтау үшін ұсыныстар әзірлеу;
  - аймақтағы жоғарғы оқу орындарындағы мамандықтар мен бағыттарды, еңбек ресурстары мен оқу орындарының оңтайлы орналастырылуын, экономикасы мен мәдениетін ескере отырып, жоғарғы және ЖОО-нан кейінгі білім беруді дамыту жөніндегі ұсыныстарды жасап шығару, аталмыш қоғамдық қызмет саласын Үлкен Алтай аймағының тұрақты, инновациялық- әлеуметтік дамуына ықпал жасайтын шынайы өндірістік күшке айналдыру;
  - аймақтық кешендік ғылыми бағдарламаны үйлестіру, ортақ ғылыми-зерттеушілік зертханаларды ұйымдастыру және олардың жетістіктерін Үлкен Алтай аймақтық қатысушыларының өндірістік және әлеуметтік-экономикалық саласында пайдалануға ықпал ету, оқушылардың ғылыми әлеуметтілігін дамыту;

- халықаралық білім беру, қол жетімділік, академиялық ерік жүйесінің дәстүрлерін және базалық принциптерін, оқу үрдісінің зерттеушілік қызметпен біртұтастығын сақтау және дамыту;
- тараптардың халықаралық және ұлттық ұйымдармен, қорлармен, кәсіби одақтармен және т.б. өзара әрекет етуі;
- аймақтағы ЖОО-ның коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен ЖОО-ның студенттерін тәжірибелік дайындау, түлектерін жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі бойынша байланыс жасауын нығайту;
- ЖОО-ның қызметін кәсіби бағыттылығы және дарынды балалармен жұмыс жүргізуі жағынан үйлестіру;
- жоғарғы оқу орындарының тікелей халықаралық байланыстарын нығайтуға және дамытуға жәрдемдесу;

ЖОО-ның қызметтік мәселелері бойынша кәсіпорындарға, мекемелерге және азаматтарға кеңестік және ақпараттық қызмет көрсету.

**«Алтай - біздің ортақ үйіміз» Халықаралық үйлестіру кеңесіне  
қатысушылардың өкілдері**


КЕЛІСІЛДІ:

«Алтай- біздің ортақ үйіміз»  
Халықаралық үйлестіру кеңесінің  
хатшысы

 Б.В.Ларин

**Ресей Федерациясының Алтай өңірі атынан**

«И.И.Ползунов атындағы Алтай  
мемлекеттік техникалық  
университеті»  
«Алтай мемлекеттік университеті»






«Алтай мемлекеттік медициналық  
университеті»



«Алтай мемлекеттік аграрлық  
университеті»



«Алтай мемлекеттік педагогикалық  
университеті»



Алтай мәдениет және өнер  
мемлекеттік академиясі



РҒА СБ су және экологиялық  
мәселелер институты

**Шығыс Қазақстан облысы атынан**


С. Аманжоловын нэрэмжит Дорнод  
Казакстаны улсын их сургууль



Д.Серікбаев атындағы Шығыс  
Қазақстан мемлекеттік техникалық  
университеті




Шәкәрім атындағы Семей  
мемлекеттік университеті  
«Қайнар» университеті, (Семей)





Ресей Федерациясының Алтай Республикасы атынан

«Тау –Алтай мемлекеттік университеті»



---


Қытай Халық Республика Сының. Шыңжаң- Ұйғыр автономиялық ауданы атынан

✓ Шыңжаң білім беру басқармасы



---

Шыңжаң университеті




---

✓ Шихэцзы университеті



---

Шыңжаң аграрлық университеті



---

Шыңжаң электрмеханикалық кәсіби-техникалық институты



---


✓ Үрімші кәсіби университеті



---

Моңғолияның Ховд аймағы атынан


Ховд мемлекеттік университеті



---

Моңғолияның Баян –Өлке аймағы атынан

Ховд мемлекеттік университетінің филиалы



---